

Л.Н.ГУМИЛЕВ ат. ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТИ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ УНИВЕРСИТЕТ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
L.N. GUMILYOV EURASIAN NATIONAL UNIVERSITY
Л.Н. ГУМИЛЕВ ат. ЕҰУ ЖАНЫНДАҒЫ ЗАМАНАУИ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ СОВРЕМЕННЫХ ИССЛЕДОВАНИЙ ЕНУ имени Л.Н.ГУМИЛЕВА
IMS OF LN GUMILYOV ENU
ЭКОНОМИКАЛЫҚ ЗЕРТТЕУЛЕР ИНСТИТУТЫ
ИНСТИТУТ ЭКОНОМИЧЕСКИХ ИССЛЕДОВАНИЙ
ECONOMIC RESEARCH INSTITUTE
«ҚАРЖЫЛЫҚ БҰЗУШЫЛЫҚТАРДЫ ЗЕРТТЕУ ЖӨНІНДЕГІ ОРТАЛЫҚ» РМҚ
РГП «ЦЕНТР ПО ИССЛЕДОВАНИЮ ФИНАНСОВЫХ НАРУШЕНИЙ»
RSE «CENTRE FOR FINANCIAL VIOLATIONS RESEARCH»



**«ӘЛЕМДІК ЭКОНОМИКАНЫҢ ТУРБУЛЕНТТІЛІК РЕЖИМГЕ КІРУ
ЖАҒДАЙЫНДА ЕЛДІҢ СЫРТҚЫ ЭКОНОМИКАЛЫҚ ҚЫЗМЕТІ»**

Халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының

ЕҢБЕКТЕРІ

ТРУДЫ

Международной научно-практической конференции

**«ВНЕШНЕЭКОНОМИЧЕСКАЯ ДЕЯТЕЛЬНОСТЬ СТРАНЫ
В УСЛОВИЯХ ВСТУПЛЕНИЯ МИРОВОЙ ЭКОНОМИКИ
В РЕЖИМ ТУРБУЛЕНТНОСТИ»**

Works of the international scientific- practical conference

**«FOREIGN ECONOMIC ACTIVITY OF THE COUNTRY IN CONDITIONS
OF ENTRY OF THE WORLD ECONOMY TO THE MODE
OF TURBULENCE»**

2 часть

2015

Астана

УДК 339.9(063)
ББК 65.5
Ә 52

Редакция алқасы

МАДИЯРОВА Д.М. – төрағасы, э.ғ.д., профессор
РАХМЕТУЛИНА Ж.Б. – төраға орынбасары, э.ғ.к., профессор, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ «Экономика» кафедрасының меңгерушісі
АХМЕТЖАНОВА С.Б. - э.ғ.д., профессор, Ғылыми экономикалық сараптама орталығының директоры, Экономикалық зерттеулер институты
АЗАТБЕК Т.А. – э.ғ.д., профессор
ЕГЕМБЕРДИЕВА С.М. – э.ғ.д., профессор
РАИМБЕКОВ Ж.С. – э.ғ.д., профессор
ШАЛБОЛОВА У.Ж. – э.ғ.д., профессор
КӘРІБАЕВ Ә.А. - э.ғ.к., Қолданбалы ғылыми зерттеулер бөлімінің меңгерушісі, Республикалық бюджеттің атқарылуын бақылау жөніндегі есеп комитетінің «Қаржылық бұзушылықтарды зерттеу жөніндегі орталық»
СЫДЫҚНАЗАРОВ М.Қ. - ф.ғ.к., саясаттану PhD докторы, Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ жанындағы Заманауи зерттеулер институтының директоры
ТЛЕСОВА Э.Б. - э.ғ.к., доцент

Ә 52 «Әлемдік экономиканың турбуленттілік режимге кіру жағдайында елдің сыртқы экономикалық қызметі» халықаралық ғылыми- тәжірибелік конференциясының еңбектері. - Астана: Л.Н.Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015.-577б.

Труды международной научно-практической конференции «Внешнеэкономическая деятельность страны в условиях вступления мировой экономики в режим турбулентности».- Астана: Евразийский национальный университет им.Л.Н.Гумилева, 2015.-577с.

Works of the international scientific- practical conference «Foreign economic activity of the country in conditions of entry of the world economy to the mode of turbulence».- Astana: L.N. Gumilyov Eurasian National University, 2015.-p.577.

ISBN 978-601-301-521-7

УДК 339.9(063)
ББК 65.5

© Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, 2015
© Евразийский национальный университет им. Л.Н.Гумилева, 2015

ISBN 978-601-301-521-7

бизнесу, а действующие объекты инфраструктуры будут заинтересованы в реализации новых направлений развития малого бизнеса.

Список литературы

1. Ю.Чумаченко. Малый бизнес в Казахстане/ Предприниматель и право. – 2009 г. №11. – с.7 - 10.
2. М.Р. Касенов, С.А.Юсупова. Анализ современного состояния функционирования и развития малого бизнеса в Казахстане// Вестник КазНУ. Серия экономическая. – 2007 г. – №1. С.81 – 85.
3. А.Ерасылова. Стратегическое направление диверсификации экономики Казахстан. /Малый и средний бизнес Казахстана. – 2007 г. - №2. – с. 20 – 23.

ОӘК 668.71.(2)

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ЖАҢА ВАЛЮТАЛЫҚ САЯСАТЫ

С.Д. Жубаев, А.Ж. Жунусова, С.А. Рахметалиева

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық университеті, Астана қ., Қазақстан

2015 жыл Қазақстан экономикасының тұрақты дамуын қамтамасыз ететін шаралардың орындалуына кезекті бір сынау жылы болайын деп тұр. Әлемдік экономиканың 2008-09 жылдардағы қаржы дағдарысынан кейінгі жылдарда Қазақстан Республикасының Жалпы ішкі өнімінің (ЖІӨ) өсуі 5-7 пайыз болса, өткен 2014 жыл өсім 4 пайыз болды. 2015 жылғы меже 2-3 пайыз. 2014 жылдың соңында жарияланған Қазақстан Республикасы Үкіметі мен Ұлттық Банкінің экономикалық саясаттың 2015 жылға арналған негізгі бағыттары туралы мәлімдемесінде «Республикамыздағы макроэкономикалық тұрақтылық үйлестірілген ақша – несие (монетарлық) және салық – бюджет (фискалдық) саясаты мен инфляция деңгейін жоспарланған 6-8 пайыздық арнада ұстап тұру есебінен қамтамасыз етіледі» деп белгіленген болатын. Бұл мақсатты жүзеге асыру үшін «инфляциялық таргеттеу» әдісі қолдануы көзделіп, теңгедегі жинақтардың нақты табысын арттыруға және күтілген инфляцияны төмендетуге қол жеткізу мүмкіндігі болжамдалған еді [1, беті 5].

Үстіміздегі жылдың бірінші жартысында республикамыздағы инфляция дәрежесі 4 пайыз деңгейінде болды. Бұл өте жақсы көрсеткіш. Әлемдегі экономикалық дағдарыс әсерінен көптеген мемлекеттердің инфляция деңгейі екі санмен көрсетіліп жатқанда, ұлттық валютамыз теңгенің сатып алу қабілетінің жарты жыл ішінде қалыпты сақталуы, Қазақстан экономикасының даму жолы дұрыс таңдалғанының белгісі.

Қазақстанның негізгі экономикалық әріптестері болған Ресей мен Қытай Халық Республикасының өз экономикасының дамуын қамтамасыз ету мақсатында ұлттық валюталарын девальвация жасауы, біздің де өте батыл түрде бір шешімге келуімізді талап етті. Бұл шара экономикалық саясаттың негізгі бағыттары аясында, ақша-несие саясатының **«инфляциялық таргеттеу»** деген әдісі бойынша баға тұрақтылығын қамтамасыз ету болып табылады. Ал, жана экономикалық жағдайда ұлттық валютамыздың бағамын анықтауды еркін айналымға жіберілуі уақыт талабы болды.

Дамыған мемлекеттердің монетарлық саясатында бұндай әдіс кеңінен қолданылады. Мәселен, Еуро Одақ мемлекеттерінің валютасы еуро айналымға кіргізген кезде 1 еуро 1,5 долларға тең болатын. Бүгінгі күні еуро долларға шаққанда 30-35 пайызға құнсызданып, 1 еуро тек 1,1-1,15 долларға тең болып тұр. Жапон иенасы, Малайзия рингиті, Үнді рупіі, Түрік лирасыда осындай жағдайда.

Ең жақын экономикалық әріптестеріміз Ресей, Беларусь, Азербайжан, Украина мемлекеттері өз валютасын 30-45 пайызға девальвация жасауға мәжбүр болды. Ресей Орталық банкі төрайымы Эльвира Набиуллина осындай батыл қадамды жасай тұрып, «Енді Ресей халқы өз еңбегінің бағалануымен белгілінетін деңгейде ғана өмір сүреді» - деп, халықты үнемдеп, асып-шашпай өмір сүруге шақырды.

«Инфляциялық таргеттеу» дегеніміз мемлекеттің ақша – несие саясатының әдісі болып, жоспарланған инфляция деңгейіне жету мақсатында қолданатын шараларды айқындайды. «Таргет» сөзі ағылшын тілінде мақсат, меже дегені. Яғни, **«инфляциялық таргеттеу»** әдісімен Ұлттық банк негізгі монетарлық саясат құралдары арқылы межеленген инфляция деңгейін сақтап қалу шараларын жасайды. Бұл, монетарлық саясат құралдарына «Қайта қаржыландыру мөлшері» (орыс тілінде «Ставка рефинансирования», «Ключевая ставка»), банктердің «Қор жасау мөлшері» («Ставка резервирования»), «Ашық нарықтағы мәмілелер» («Операции на открытом рынке») және «Валюталық интервенция», «Валюталық шектеулер» кіреді.

АҚШтың орталық банкі ролін атқаратын Федералдық қор жүйесі (Федеральная резервная система – ФРС) 2008-09 жылдардағы қаржы дағдарысынан шығу мақсатында «Қайта қаржыландыру мөлшерін» өте төмен деңгейге 0,25 пайызға түсірген. Осы, төмен қайта қаржыландыру мөлшері және «Сандық жұмсарту» (Количественное смягчение - Quantitative easing, QE) деп аталған монетарлық саясатты қолдану нәтижесінде Америка экономикасы дағдарыстан шығып, 2013-14 жылдардан бастап тұрақты 1,5-3,5 пайыз өсімге жетті.

«Сандық жұмсарту» саясаты жоғарыда келтірілген монетарлық саясат құралдарының экономиканы дамытуға қаратылған әсері жеткіліксіз жағдайда қолданылатын жана монетарлық саясат құралы ретінде қолданылады. Бұмазмұны

«Сандық жұмсарту» саясатының мазмұны ФРС екінші деңгейлі коммерциялық банктерден қор жасау мөлшері арқылы жиналған өзінің қаржысына, АҚШ үкіметінің бюджет тапшылығын қаржыландыру үшін

шығарған қарыздық міндеттемелерін (облигацияларын) сатып алу арқылы экономикаға ақшалай қаржы салуында. Экономикаға салынған қыруар қаржы өндірісті ынталандырып, ұлттық экономиканың дамуына әсер етеді.

ФРС 2015 жылдың 18 қыркүйегінде «Қайта қаржыландыру мөлшерін» 0,25 пайыздан өзгертпеу туралы шешімі банктердің несие қаржысын еркін алуын жалғастырып, АҚШ қаржы институттарының шет елге долларлық қаржыларды инвестиция жасауына жағдай жаратады. Қаржыға сұранысы бар дамушы мемлекеттерде долларлық ақша мол болады да, бұл елдердің ұлттық валютасының тұрақтылығы қамтамасыз етіледі.

АҚШ «Қайта қаржыландыру мөлшерін» 0,25 пайыздан жоғарылатқан жағдайда, мәселен, 1 немесе 1,25 пайызға көтерсе, өз экономикасында долларлық ақша азайып, қаржы институттары дамушы елдерден өз долларларын алып шыға бастайды. Бұл өз ретінде дамушы елдердегі долларды азайтып, оған сұранысты асырады. Нәтижеде, дамушы елдерде доллар бағамы өсіп, ұлттық валютасы құнсызданады.

Осындай дағдарыс жағдайында батыл қимыл жасаған Ресей банкі рубльді еркін айналымға жіберіп, банктердің барша рубльдік қорын шет ел валютасын сатып алу үшін биржалық саудаға шығаруын шектеу мақсатымен «Қайта қаржыландыру мөлшерін» 2015 жыл басында 17 пайызға көтерді. Осының нәтижесінде коммерциялық банктердің Орталық Банктің рубль қорларынан негізсіз несие алып, оған валюта сатып алу үрдісі шектелді. Нәтижеде рубль бағамы 1 долларға 70-75 рубльден 65-66 рубль деңгейінде тұрақталды.

Әр-бір мемлекеттің дербес монетарлық және фискалдық саясаты шет ел еркін айналымдағы валюталарының өз ұлттық валюталарының сатып алу қабілеттілігіне кері әсерін азайту мақсатында тиісті шаралар қабылдайды.

Осындай күрделі жаңа экономикалық жағдайда Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі 2015 жыл тамыз айында ұлттық валютамызды мақсатты түрде еркін айналымға жіберу туралы шешімі экспорттық әлеуетіміздің өсуін қамтамасыз ететін, мәжбүрлі түрде қабылданған шара болды. Бұндай батыл қадам монетарлық саясатымыздың Қазақстан экономикасының дамуына септік болады.

Ұлттық валютамыз теңгенің бүгінгі күндегі бағамын Қазақстан қор биржасындағы (KASE – Kazakhstan stock exchange) күнделікті сұраныс пен ұсыныс арқылы анықталатын сауда нәтижесі бойынша Қазақстан Республикасының Ұлттық банкі белгілейді. Еркін айналымға тарихында бірінші рет жіберіліп тұрған теңге, тәжірибесі аз қаржылық институттар, негізінде банктер, өздерінің теңгедегі ақша қаржыларын тез долларға, евроға айырбастай бастады, содан қысқа уақытта теңге құны долларға байланысты 30-35 пайызға төмендеді. Төменде келтірілген кестеде 2015 жыл тамыз – қыркүйек айларындағы теңгенің АҚШ долларына, Еуро Одақтың еуросына және Ресейдің рубльіне сай бағамдары келтірілген.

Кесте 1 Теңге бағамы. 2015 жыл 19 тамызынан 19 қыркүйек аралығында

Теңгеде

	19.08	21.08	25.08	30.08	10.09	17.09	25.09	5.10.15
Доллар	188	235	218	237	245	284	270	271
Еуро	208	284	250	268	274	319	309	306
Рубль	2,84	3,8	3,0	3,56	3,62	4,33	4,1	4,15

Ескерту: Деректер Қазақстан Ұлттық банкінің сайтынан алынды.

Кестедегі деректер теңгенің соңғы ай ішіндегі еркін анықталған ресми бағамы 1 долларға 218 теңгеден 284 теңгеге аралығында, 1 еуроға шаққандағы бағамы 250 теңгеден 319 теңгеге және 1 рубльге шаққандағы бағамы 3,0 теңгеден 4,33 теңгеге тең болды. Яғни, тербеліс шектері доллар бойынша 66 теңгеге болып, 30 пайыз болған. Бір ай ішінде 30 пайыздық өзгеріс әлемдегі экономикалық жағдай мен еліміздің ішіндегі ақша айналымына да байланысты, себебі теңгенің бағамы кәсіпорындарымыз бен халқымыздың қысқа мезгілді сұранысына да байланысты болады.

Бұл сұраныс, экономикамыздың жағдайын фундаменталдық талдау нәтижесінде және теңгенің соңғы белгілі бір мерзімдегі көрсеткіштерінің сызбасын техникалық талдау нәтижесінде қалптасады. Тамыз бен қыркүйектегі сұраныс, пікірімізше, техникалық талдау нәтижесі. Ал, Ұлттық банктің валюталық интервенция жасауы нәтижесінде қазан айында теңге бағамы қалыпты долларға 270-275 теңге деңгейінде болды.

Кесте 2- Қазақстан Республикасының Төлем балансының ағымдағы шоты

млн. Долларда

#		2010	2011	2012	2013
	Ағымдағы шот	1388	10197	10791	-118
	Сауда балансы	28500	44844	38145	33691
	Экспорт	61391	85194	86931	83407
	Импорт	32891	40350	48786	49715
	Қызметтер	-7249	-6635	-7948	-6876
	Экспорт	4119	4337	4828	5271
	Импорт	11368	10973	12776	12147
	Табыстар (пайыздар, дивидендтер)	19376	27747	28107	25345
	Жал ақы	-1406	-1730	-1927	-1803
	Инвестициялық табыс	-18109	-26156	-26319	-23681
	алынғаны	2556	2088	1949	2176
	төленгені	-20665	-28244	-28261	-25857
	Трансферттер	-489	-265	-1010	-1558

Ескерту: Кесте Қазақстан Республикасының статистикалық жылнамасы деректері негізінде түзілген.

Фундаменталдық талдау еліміздің сыртқы экономикалық байланыстарының, экспорт пен импорттың, белгілі бір кезеңіндегі

статистикалық көрсеткіштерінің жиынтығы болған Төлем балансы негізінде жасалады.

Экономикалық жағдайымыздың ең бір маңызды көрсеткіші ретінде еліміздің Төлем балансын жақсарту, ұлттық валютамыздың тұрақтылығына тікелей әсер етеді. 2010-2012 жылдары сауда балансымыздағы оң нәтижелер қомақты болды, ал 2013 жылы сауда балансымыз қомақты болғанымен, бұл оң көрсеткіш қызметтер және шет ел инвестицияларының дивидендтері мен пайыздық төлемдерінің теріс көрсеткіштерімен теңгеріліп, нәтижеде Ағымдағы шот көрсеткіші -118 млн долларға теріс болуына алып келді.

Өткен, 2014 жылдың екінші жартысынан бастап мұнай бағасының төмендеуі Ресей, Қазақстан экономикасына кері әсерін тигізді. 2010-2013 жылдар аралығында елдегі жалпы ішкі өнім (ЖІӨ) жылына 6-7 пайыз өсім көрсетті. Бұл да жаман көрсеткіш емес еді біз үшін. Өкінішке орай, өткен 2014 жылы ЖІӨнің өсім көрсеткіші 4,5 пайызды ғана құрады. Біз сияқты дамушы елдерге бұл көрсеткіш әрине төмен болып отыр. Еліміздің экономикасына көлеңке түсіріп отырған, әлемде орын алған экономикалық тұрақсыздық, теңгенің 2014 жыл ақпандағы девальвацияға ұшырауына да белгілі бір деңгейде ықпал етті деп айтуға болады. Бірақ, бұл орын алған жағдайлар жалпы экономикамыздың келешекте дамуына тұсау бола алмайды. Өйткені, ел экономикасының дамуы кезінде Президентіміздің ұсынысымен жинақтаған Ұлттық қор алдағы қысылтаяң уақыттарда жұмсалатын қаржы болмақ. Бұл қаржыны еліміздің инфрақұрылымдарының дамуына, жаңадан жұмыс орындарын ашып, құрылыс нысандарын жолға қоюға бағытталған қаражат деп ұғынуымыз керек. Былайша айтқанда бұл қаржы елдің экономикалық құрылымының өзгеруіне, жақсаруына себепкер болады. Әлемде көптеген мемлекеттер дағдарыс кезінде осындай бағытты негізге алғандығын атай кеткен жөн. Елбасының бастамасымен жолға қойылған үдемелі индустриалдық-инновациялық бағдарламалар алдағы уақытта өз оң нәтижесін беретін болады.

2014 жылдағы өсім нәтижесінде 2015 жылы да АҚШ экономикасы 3,5-3,7 пайызға, Германия 1,5-1,6 пайызға, Қытай 6,5-7,1 пайызға, Үндістан 6,5-6,7 пайызға өсім көрсетпек. Аталмыш елдердің экономикасы өсу жолында. Мәселенің мәні, Ресей, Венесуэла, Иран, Араб елдерінде орын алған саяси және қаржылық дағдарыстың көршілес елдеріне тигізіп отырған зардабында болып отыр. Ал, біздің ел өңірлік дағдарыстың ортасында қалып отыр.

Қазақстанның Еуразиялық экономикалық одақ мүшесі ретінде негізгі экономикалық әріптесіміз болған Ресеймен сауда-саттық байланысы, жалпы сауда айналымының 20 пайызы екендігін ескерсек, көрші Ресейде орын алған дағдарыстың біздің елге айтарлықтай кері әсері бар. Болжам бойынша, Ресейдің биылғы ЖІӨ 3-4 пайызға кемиді. Батыс елдерінің санкциялары Ресей экономикасының күре тамыры саналатын банк жүйесі мен инвестициясының тоқыраулатты. Бұл тығырықты жағдайдан шығудың жолы, Еуропа, Қытай, АҚШ, Франция, дамушы Үндістан, оңтүстіктегі көршілеріміз сияқты мемлекеттермен біздің экономикалық байланысты тиімді арттыру. Яғни, саясаттағы сияқты, сауда байланыстарымызды да көптараптандару саясаты қаржы қорларымыздың тұрақты табыс көзіне айналдыруымызды талап етеді.

Еуропа мен АҚШ сияқты Қаржылық инвестиция жолымен табыс табуды әлемдегі дәулетті мемлекеттері көп жылдардан бері қолдануда. Мәселен, Швейцария сияқты қаржы қорын мол жинақтаған мемлекеттер ЖІӨнің қомақты бөлігін тек қаржы инвестициясы арқылы табуда. Олар өндірістің зиянды да мол еңбек күшін талап ететін түрлерін дамушы елдерге көшіріп, өздері қаржы инвестициясын тиімді орналастырып, содан пайда табуда.

Қазақстан Республикасының ұлттық банкінің алтын валюта қоры 2015 жылдың 19 қыркүйектегі дерек бойынша 29 млрд АҚШ долларын құрады. Бұл жинақтаған халықаралық валюта қорлары қаржылық инвестиция жасаумен бірге теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз етуге де мүмкіндік береді.

Ұлттық қорымыздағы 60 млрд АҚШ долларлық қаржы дамыған мемлекеттер облигацияларын сатып алу арқылы құнсызданбайтын дәрежеде сақтаулы.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә.Назарбаевтың «Нұрлы жол – болашаққа жол» атты жолдау бағдарламасында қаржы қорларымызды өте үнемдеп тиімді пайдалану туралы қатаң талап қойылды. Себебі, Ұлттық қордан бөлінген қыруар қаржы еліміздің инфрақұрылымдарын қаржыландыруға бөлінді. Ендігі мақсат, осы қаржы қорларын ысырапқа жол бермей, ел игілігіне, соның ішінде, маңызды жобаларды қаржыландырып, жұмыс орындарын көптеп ашуға жұмылдырып, шағын кәсіпкерліктің дамуына жағдай жасап, жаңа экономикалық жағдайда халқымыздың мақтанышы болған Ұлттық валютамыз теңгенің тұрақтылығын қамтамасыз ету басты мақсат болып тұр.

Әдебиеттер тізімі

1. Егемен Қазақстан газеті. № 251. 25 желтоқсан 2014 жыл. Астана
2. www.nationalbank.kz
3. Ресей банкінің ресми сайты.
4. Макроэкономика. Практикум к учебнику Макконелл К.Р., Брю С.Л. «Экономикс». Задачи, тесты, ситуации. –Бишкек, 1997.

ЭКОНОМИЧЕСКОЕ СТИМУЛИРОВАНИЕ ЗЕМЕЛЬНЫХ ОТНОШЕНИЙ И ФОРМИРОВАНИЕ РЫНКА ЗЕМЛИ

Д.А. Зиядина

Казахский университет экономики, финансов и международной торговли, Казахстан

В Республике Казахстан продолжают земельные преобразования. Сельские и городские жители получили в собственность земельные участки под сады, огороды, строительство жилья, для расширения личных подсобных хозяйств и организации крестьянских (фермерских) хозяйств. Проведена реорганизация колхозов, совхозов и их землепользований, образовались новые формы агроформирований, 2,3 млн. сельских жителей стали собственниками